**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша оқыту іс-шарасының хаттамасы**

**Алматы қ-сы, Абая даңғылы, 103** **22.12.2023 ж.**
**Театр, 6 қабат, 610 кабинет.**

**Бағдарлама:**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:**

1. Заңдылық;
2. Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
3. Жариялылық пен ашықтық;
4. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
8. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

**«Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры" РМҚК комплаенс-офицерінің лауазымдық міндеттері:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлейді.
2. Сыбайлас жемқорлық комплаенс саласындағы стандарттарды әзірлейді және өзектендіреді.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.
4. Мүдделер қақтығысының мониторингісін анықтау және реттеу бойынша шаралар қабылдайды.

5. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауға мониторинг жүргізеді.

6.Корпоративтік этикалық құндылықтарды дамытады.

7. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ азаматтық қызметшінің кодексін сақтауын бақылайды.

8. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз етеді.

10. Сыбайлас жемқорлық және/немесе оған қатысу фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді.

11. Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмысты үйлестіреді.

12. Қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсетеді.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізеді.

14. Азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік этика және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын қарастыратын ережелерді енгізуді қамтамасыз етеді.

15. Өзінің кәсіби біліктілігін кемінде 3 жылда 1 рет арттырып отыруға міндетті.

16. Әріптестермен қарым-қатынаста қызмет бабындағы сыйластықты, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды, сыпайылық пен әдептілікті сақтайды.

Қортылай келе, Театр қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан, қызметкердің пара беруі немесе алуы, өз қызметін асыра пайдалануы және өзге де жемқорлық фактілері анықталған жағдайда өзінің әрекетіне немесе әрекетсіздігі үшін жауапқа тартылатынын ескертеміз!

## Қатысқан қызметкерлердің тізімі

| № | Аты-жөні | Қызмет атауы | Қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | Г.Алимбаев | Экономикалық және құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары; | |
| 2 | Г.Хайратқызы | Директордың ұйымдастыру мәселесі бойыша орынбасарының м.а. | |
| 3 | А.Ақмолда | Кадр жұмысы және құжаттама бөлімі | |
| 4 | Б.Рахимова | Бас бухгалтер | |
| 5 | С.Казангапова | Бас экономист | |
| 6 | С.Алайдарова | Материалдық бухгалтер | |
| 7 | Е.Нурсолтан | Шығармашылық қызмет басшысы | |
| 8 | Р. Жақыпбаева | Кәсіподақ | |
| 9 | А.Оспанбаева | Режиссер | |
| 10 | Ф.Талғатқызы | Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджері | |
| 11 | Г.Чегебаева | Комплаенс-офицер | |